

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ КОМПЬЮТЕРЛІК
САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

Әдістемелік ұсынымдар

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОБУЧЕНИЮ ОСНОВАМ КОМПЬЮТЕРНОЙ
ГРАМОТНОСТИ И ИНФОРМАЦИОННЫХ КОММУНИКАТИВНЫХ
ТЕХНОЛОГИЙ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Методические рекомендации

**Астана
2018**

Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 25 мамырдағы № 6 хаттама).

Рекомендовано к изданию ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 6 от 25 мая 2018 года).

Бастауыш мектепте компьютерлік сауаттылық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰГА, 2018. – 48 б.

Методические рекомендации по обучению основам компьютерной грамотности и информационных коммуникативных технологий в начальной школе – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 49 с.

Әдістемелік ұсыныстар 3-сыныпта «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша сабак өткізу барысында мұғалімге көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдама бастауыш мектепке арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен оқу бағдарламасының ерекшеліктері туралы ақпаратты, бастауыш мектепте компьютерлік сауаттылық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін оқыту бойынша жалпы әдістемелік ұсыныстарды, сондай-ақ 3-сыныпта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәнін ұзақ мерзімді жоспарлаудың оқу мақсаттары бойынша сабак өткізуге арналған әдістемелік ұсыныстарды қамтиды.

Методические рекомендации для учителя разработаны в целях оказания помощи при проведении уроков по предмету «Информационно-коммуникационные технологии» в 3 классе.

Рекомендации содержат: информацию об особенностях учебной программы «Информационно-коммуникационные технологии» в начальной школе, общие методические рекомендации по обучению основам компьютерной грамотности и информационно-коммуникационным технологиям в начальной школе, а также методические рекомендации проведения занятий по целям долгосрочного планирования предмета информационно-коммуникационные технологии в 3 классе.

© Ы. Алтынсарин атындағы

Үлттық білім академиясы, 2018.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2018.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде қоғамның ақпараттандыру процесін жылдамдатуға байланысты ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың қарқынды өсуі байқалады, бұл жаңа есептеу технологиялары мен ақпарат беру құралдары негізінде сақтау және ақпаратты тарату, жинау, өндіру, алу әдістерін жаппай енгізуі білдіреді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады және бірте-бірте адам қызметінің барлық салаларына енеді. АКТ құралдарын пайдалану цифрлық формада ұсынылған әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеу процесін жылдамдатады және женілдетеді.

Бірқатар елдерде білім берудің басым бағыттарының бірі білім алушылар арасында инфокоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру: білім алушылардың ақпараттың үлкен ағымында бағдарлай білу қабілеттілігін және күнделікті өмірде әртүрлі міндеттерді шешуге жаңа технологияларды тиімді пайдалануға, окуда және әрі қарай еңбек қызметінде қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, білім алушылардың ақпаратты пайдаланудың этикалық және құқықтық нормаларын түсінуі мен құрметтеуі маңызды.

Қазақстан Республикасында информатика және ақпараттық технологияларды бастауыш сыныптарда оқыту мәселесіне ғалымдардың: Ж.Сардарова, компьютерлік ойындардың дидактикалық мүмкіндіктері туралы [6]; Н.Д. Шекеткина, бастауыш мектеп білім алушыларының логикалық-алгоритмдік мәдениетін дамыту туралы [7]; Г.А. Абдулкеримова, бастауыш мектепте компьютерлік ғылымды қолдану туралы [8] және т.б. жұмыстары арналды. Қазіргі уақытта осы проблеманы зерттеумен Е.К. Балафанов, Г.С. Кабулова, С.Т. Мұхамбетжанова, Б.А. Айтбакина, Г.Б. Мамырбек (пәндей қолдану, яғни, информатиканы ғылым ретінде оқыту және компьютерді құрылғы сияқты зерттеу) [9], Д. Байғожанов (пәнаралық байланыстар негізінде бастауыш сынып білім алушылары үшін информатика курсы) [10], Э.Вьюшкова (оку-алгоритмдік екі желі бойынша жүргізіледі (машинасыз, авторы А.В.Горячев) және пайдаланушы (компьютерді қолданумен)) [11] айналысады.

Шынында да, кіші мектеп жасы тұлғаны ең қарқынды дамыту және тәрбиелеу кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде баланың қоршаган әлемді танып білуі, оның бастапқы әлеуметтендіру кезеңі. Баланың барлық танымдық процестерінің негізгі сипаттамалары, олардың еріксіздігі, өнімділігі және тұрақтылығы болып табылады. Мектепке баруды бастағанда, бала жаңа, оның ішінде қызмет түрлері мен тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесін, олардың барлық саналы процестерін қайта ұйымдастыруға ықпал етеді. Білім алушы өзінің психикалық процестерін біртіндеп менгереді, қабылдауды басқару, ықылас, есте сақтауды үйренеді.

Бұл кезең туралы көрнекі-бейнеліден ауызша-логикалық ойлауға ауысу кезеңі деп те айтуға болады. Баланың қабылдауы бірте-бірте талдауға және саралау сипатына ие болады, есте сақтау қабілеті жақсарады.

Баланың ақпараттық қоғамдағы өмірге деген психологиялық дайындығы компьютерлік сауаттылықты менгеруді, білім алушылардың алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыруды, логикалық ойлай білуін мектепте оқытудың алғашқы жылдарынан қалыптастырылуы тиіс.

Сондықтан пропедевтикалы информатика курсын зерттеу негізгі мектептің орта сыныптарынан бастауыш сыныптарға ауыстыру орынды болды. Бұл ретте курсты көшіру пәннің мазмұнын тек білім алушылардың жас ерекшеліктеріне бейімдеуді ғана емес, қазіргі заманғы мектептегі білім беру мазмұнын және формаларын түбебейлі қайта қарауды талап етеді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының «Адами капиталды дамыту» бөлімінде жас үрпақтың шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлауды дамыту мақсатында орта білім беруде «Бағдарламалау негіздері» пәні біртіндеп екінші сыныптан бастап енгізілетін болады деп жазылған. Сондай-ақ, 5-11-сынып білім алушыларының бағдарламалары жаңартылады.

2017-2018 оқу жылында эксперимент аясында республиканың 30 мектебінің 3-сыныбында ақпараттық-коммуникативтік технологиялар пәні енгізілді. 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап республиканың барлық мектептерінде енгізілуде.

Бастауыш мектептегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялар пәнінің кіріспесі, «Информатика» пәнінің бөлігі ретінде білім алушылардың қоршаған әлемнің ақпараттық ағындарына бейімделу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді; ақпаратпен жұмыс істеудің негізгі практикалық тәсілдерін игеруге; қазіргі заманғы техникалық құралдардың қомегімен ақпарат алmasуға мүмкіндік беретін іскерліктерін дамытады.

«Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар» пәні бастауыш сынып білім алушыларының компьютерлік технологияларды қолданудағы тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға, білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, жүйелік, сондай-ақ үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу жағдайында сыни ойлауын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Білім алушыларға пәнді зерттеуде: компьютер туралы, қазіргі заманауи технологиялар мен олардың қоғам өміріндегі рөлі туралы бастапқы ақпаратты білуге; ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты әртүрлі формаларда іздеуге, жинауға, өндеуге, сақтауға және беруге; өзінің идеясын әртүрлі бағдарламалық қосымшалар арқылы көрсетуге; ақпарат алmasуға және ынтымақтастық, қарым-қатынас үшін АКТ құралдарын пайдалануға; компьютерлерді пайдаланған кезде авторлық құқықты құрметтеуге және қауіпсіздік ережелерін сақтауға мүмкіндік береді. Олар оқудың бастапқы кезеңдерінде, ақпараттық ортада еркін жүріп-тұруға, бастауыш мектеп бағдарламасынан - пайдалы білімді «жинақтау», өздігінен білім алу дағдыларын игеру, негізгі мектептегі білім беруді тиімді жалғастыру үшін қажетті кестелермен, сызбалармен, графиктер және

диаграммалармен жұмыс істеудің қарапайым әдістерін үйренеді. Ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық-коммуникативтік технологиялар білімі басқа да оқу пәндерін оқып-үйренудің және әртүрлі білім беру салаларымен біріктірудің жаңа құралы болады.

1. Бастауыш мектептегі «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар» оқу бағдарламасының ерекшеліктері

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес өзірленген, білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты танымдық қабілеттеріне сәйкес мазмұны мен білім көлемін, іскерліктері мен дағдыларын анықтайтын және оқу-нормативтік құжаттаманың дәстүрлі функциялары мен заманауи мектепте оқу процесін ұйымдастыруға инновациялық педагогикалық тәсілдерді сипаттайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады. Оқу тәсілдері аталған пән бойынша оқу бағдарламасының түбөгейлі жаңа құрылымын құрудың негізгі бағдарлары болып табылады.

Оқу бағдарламасы қазіргі кезеңде оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі – білім алушының өз бетінше білім алудағы белсенді қызметін ұйымдастыру, оқу, жобалау, зерттеу қызметтерінің әдістерін игеру арқылы; әлеуметтік-мәдени кеңістікті білу мүмкіндігі және басқа да пәндей салаларды менгеру үшін алынған білімді пайдалануға бағытталады.

Мұндай тәсіл пәндей білім алуды, әлеуметтік және коммуникативті дағдыларды игеруге ғана емес, өз мүдделерін, келешегін іске асыруға және сындарлы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерге де ықпал етеді.

Тұлғага бағытталған білім беруді нығайту оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады, ол түрлі құрамдардағы білім беру процесіндегі барлық қатысуышылардың ынтымақтастығына алғышарт жасайды, қатынастарда авторитаризмге жол бермейді. Диалогтық және рефлексивті технологияларды қолдану білім алушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыруымен үйлеседі.

Белсенді білім алмасу, идеялар, жұмыс істеу әдістерін болжайтын, оқыту процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдер білім алушылардың нақты шығармашылық процесінде қарым-қатынас үлгісін менгереді.

Тақырып мазмұнын игеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде білім алушылардың дағдыларын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды дамыту, оның ішінде іздеу, өндеу, өндіру, құру және қажетті ақпаратты таныстыру, ақпарат пен идеялармен алмасу бойынша ынтымақтастық, олардың жұмысын бағалау және жетілдіру үшін жабдықтар мен қосымшалардың кең спектрін қолдану арқылы жағдайлар жасау.

Білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудағы дағдыларын дамытудың алғышарттарын, ақпаратты іздеуді, өндеуді, шығаруды, қажетті ақпаратты құруды және ұсынуды, ақпарат пен идеялармен алмасу үшін ынтымақтастықты қоса алғанда, бағалау және оның жұмысын кең ауқымды жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы

жетілдіру пәннің мазмұнын менгеруде және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде жағдай жасалады.

Тақырып бойынша оқу жоспары белгілі бір академиялық кезең аяқталғаннан кейін (оқу жылы немесе келесі сыйыптарда) оқу мақсаттары мен тақырыптың басым көшілігін біртіндеп терендете отырып, күрделеніп, оларға білім мен дағдылардың көлемін арттыру арқылы қайтадан қарастырылады. Бұл, сондай-ақ пәнаралық интеграция мен оқытуды пәнаралық және тақырыптық байланыстар орнату, білім, дағдылар, құндылық бағдарлары мен көптеген академиялық пәндермен байланыста болатын салалардағы мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға ықпал ететін тақырыптар арқылы оқытуға бағытталған. Бұл мынадай ортақ тақырыптар: «Жанды табиғат», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Жарық және қараңғы», «Уақыт», «Сәулет өнері», «Өнер», «Атақты тұлғалар», «Су – тіршілік көзі», «Демалыс мәдениеті. Мерекелер» ұзақ мерзімді жоспарына енгізілген, соған сәйкес құрылған оқу бағдарламасын іске асыру. Сағаттарды бөлу, сондай-ақ тоқсанның тақырыптарын оқыту реттілігі мұғалімнің тандауы бойынша өзгереді.

Оқу бағдарламасында нақты көрсетілген күтілетін нәтижелер, бұл білім алушының оқу жетістіктерін объективті бағалауға, әрбір білім алушының жеке қабілеттерін ескере отырып, жеке даму траекториясын анықтауға, сондай-ақ оқу процесіндегі біліктілігі мен дағдыларын дамытуға, оқу процесінің сапасын жақсартуға ынталандыратыны анық.

Оқу бағдарламасы білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен тәуелділігіне негізделген тәрбие мен оқытудың бірлігі принципін іске асыруды және нәтижелер бастауыш мектептен «шығу» кезінде осы пәнді оқыту мақсаттары жүйесімен қамтамасыз етіледі. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «енбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарды білім алушыларға дарыту негізі болып табылады. Бұл құндылықтарды білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

Оқу бағдарламасының айрықша ерекшелігі оның пәндік білім мен дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, сондай-ақ кең ауқымды: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, коммуникацияның әртүрлі әдістерін қолдану, проблемаларды шешу және шешімдерді қабылдау, олармен бірге білім алушыларға міндеттерді шешу үшін ақпараттарды талдауға және бағалауға мүмкіндік береді, жаңа идеяны синтездеу үшін қолда бар білім мен тәжірибелі шығармашылық түрде пайдаланады. Бастамашылдығы, қызығушылығы, өзгеруге дайындығы, қарым-қатынас сияқты жеке тұлғалық қасиеттері өзекті болып табылады.

Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді менгертіп қана қоймай, білім алушылардың сыйыптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта 2-ші жартыжылдықтан бастап аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 17 сағатты;
- 2) 2-сыныпта аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағатты;
- 3) 3-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 4-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

7. «АКТ» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютердің құрылғылары (пернетақта, тінтуір, жүйелік блок, монитор); программалық қамтамасыз ету: компьютерлік программалардың қызмет, программа менюі, программаларды іске қосу және аяқтау, компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау; қауіпсіздік: қауіпсіздік техникасының ережелері;

2) «Ақпаратты өндеу және көрсету»: графика: графикалық редактордың қызметі, суреттерді ашу және сақтау, редактор құралдарын қолдана отырып, сурет салу;

3) «Есептеу машиғы»: алгоритмдер: алгоритмдер, атқарушы, атқарушының командалар жүйесі, графикалық редакторде суретті құруда алгоритмдерді құрастыру және қолдану.

«АКТ» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютер құрылғылары: енгізу құрылғылары (тінтуір, пернетақта, микрофон) және шығару құрылғылары (монитор, принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап); программалық қамтамасыз ету: файлдар және бумалар түсінігі, меню командаларын қолдану; қауіпсіздік: цифрлық құрылғылармен жұмыс жасау барысында техника қауіпсіздігінің негізгі ережелерін сақтау, желіде орналасқан ақпараттардың шынайылығы мен пайдасы;

2) «Ақпаратты өндеу және көрсету»: мәтіндер: мәтіндік редакторда сөйлемдерді теру, қаріпті және абзацты пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету), құжаттағы ерекшеленген мәтінді қып алу, көшіру, қою; графика: суретті өндеу; қио, бұру, өлшемін өзгерту, суреттің фрагментін көшіру;

мультимедиа: дыбыс жазу және дыбысты ойнату, дыбыстық эффектілер, дыбысты өндеу;

3) «Есептеу машиғы»: алгоритмдер: сызықтық алгоритм, алгоритмнің сөздік формасы, алгоритмнің графикалық формасы; програмалау: атқарушының командалар жүйесі, лабиринт.

«АКТ» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютердің құрылғылары: енгізу және шығару құрылғылары; программалық қамтамасыз ету: компьютерлік программалардың қызметі (сілтеуіш, суреттерді көруге арналған программалар), программа менюі, меню командаларын қолдану, файлдар мен бумалар, компьютерде файлдарды ашу және сақтау; қауіпсіздік техникасы: қауіпсіздік техникасының ережелері;

2) «Ақпаратты өндеу және көрсету»: мәтіндер: мәтіндік редактордың

қызметі, программа менюі, мәтінді теру және өндеу, символдар мен абзацтарды пішімдеу, мәтінмен болатын операциялар, символдарды қосу; графика: графикалық редактордың қызметі, суреттерді ашу және сактау, редактор құралдарын қолдана отырып, сурет салу, түстер палитрасы, суреттерді өндеу, суретті кесу, айналдыру және өлшемін өзгерту, сурет бөліктерінің көшірмесін жасау; презентация: презентация құру программаларының қызметі, программа менюі, презентацияларды ашу және сактау, слайдта мәтін мен суреттерді орналастыру, слайд арасында аудио, презентация дизайны, дыбысты қосу; мультимедиа: дыбыстық ақпаратты енгізу және шығару құрылғылары, дыбыс редакторының қызметі, дыбысты жазу, дыбыстарды өндеу және ойнату, дыбыстық эффектілерді қолдану;

3) «Интернет желісінде жұмыс»: ақпаратты іздеу: веб-парақшаларды көруге арналған программалардың қызметі, іздеу жүйелері, түйінді сөздер бойынша іздеу; ақпарат алмасу: ақпарат алмасу тәсілдері, белгіленген мәтінді және суретті құжатқа көшіру; Интернет желісіндегі қауіпсіздік: Интернеттегі қауіпсіздік ережелері.

«АКТ» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютердің құрылғылары: компьютердің сыртқы құрылғылары; программалық қамтамасыз ету: файлдармен және бумалярмен жұмыс жасау, файлдармен және бумалярмен операция жасау (құру, көшіру, орнын аудистыру және жою), файлдармен және бумалярмен жұмыс жасау кезінде мәнмәтіндік менюді қолдану, компьютерде ақпаратты іздеу (бума, файл, мәтіннің үзіндісі); қауіпсіздік техникасы: экранмен жабдықталған құрылғылармен жұмыс атқару барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін сактау;

2) «Ақпаратты өндеу және көрсету»: мәтіндер: мәтіндік құжаттағы иллюстрациялар, суреттер мен сәндік мәтінді кірістіру, маркерленген және нөмірленген тізімдер, мәтіннің үзіндісін құжат ішінен іздеу; графика: графикалық редакторлар, фотосуреттерді өндеу (жарық, контраст, рамка), коллаж жасау; презентациялар: слайд макеті, презентациядағы нысандарға анимацияны баптау, суретті, сәндік мәтінді, видео мен дыбысты презентацияға қою; мультимедиа: дыбыспен жұмыс жасауға арналған программалар, дыбыспен жұмыс жасауға арналған компьютердің сыртқы құрылғылары, дыбыс редакторында әуен жазу, видеоны жазу және оны көруге арналған компьютердің сыртқы құрылғылары, видеоредакторлардың көмегімен видеоны жазу және оны өндеу, видео үзінділерін көшіру, орнын аудистыру және жою;

3) «Интернетте жұмыс жасау»: ақпаратты іздеу: браузер құралдары (бетбелгілер орнату, жүктеудерді және тарихын қарау); ақпарат алмасу: Интернет арқылы мәліметтер жіберу, электронды пошта арқылы тіркелген файлдары бар хабарламаларды жіберу және алу; Интернет желісіндегі қауіпсіздік: құпиясөздер, сенімді құпиясөздің критерийлері.

2. Бастауыш мектепте компьютерлік сауаттылық және ақпараттық коммуникациялық технологиялар негіздерін оқыту бойынша әдістемелік ұсныстытар

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен алғашқы сабакта келгенде, білім алушылардың бар пәнге қызығушылығы, сондай-ақ, компьютер және компьютерлік бағдарламалар туралы белгілі бір хабарлары-түсініктөрі болады. Білім алушылардың көпшілігі компьютерлік ойындармен, жұмыс жасаған, сондай-ақ кейбірі компьютерлік технологиялар жаңалықтарымен таныс болған. Олардың кейбіреулері қазірдің өзінде компьютермен жұмысты жақсы менгерген, біреулердің, бәлкім, олармен жұмыс жасау тәжірибесі болған жок, оларға, бірақ барлығына да компьютерді тезірек қосқысы және оны іс жүзінде байқап көргісі келеді.

З-сынып білім алушылары «ақпарат» деген сөзді әлдеқашан естігені, ақпарат туралы қандайда бір түсінігі бар. Мұғалімнің міндеті ең алдымен, білім алушыларда қалыптасқан түсініктөрін жүйелеу үшін және оларды информатиканың негізгі ұғымдарымен байланыстырудан тұрады.

«Ақпарат» ұғымының мәні ашу және ақпараттық процестердің ерекшеліктерін көрсету қажет. Мұны диалог формасында, адам күнделікті қызмет контекстінде болады. Білім алушыларға олар жауап беруге шамасы келетін сұрақтар қоя отырып, өмірден және табигат процестерінен алынған мысалдарға жасалынады. Мысалы, оқи білу не үшін қажет? (білім алушылардың жауабы: кітаптар, газеттер, журналдар оқу үшін), ал кітапты не үшін оқу керек? (білім алушылардың жауабы: оларда не жазылғанын білу, жаңалықтар, мәліметтер). Кітаптарда не туралы жазғанын білу не үшін керек? (білім алушылардың жауабы: бізді қоршаған орта туралы білу). Сонымен кітап – бұл ақпарат көзі.

Одан біз хабарлар, мәліметтер, жаңа білім аламыз. Ал «ақпарат» сөзін кім естіді? (білім алушылардың: иә, жок). Ал сіз бұл сөзді естідіңіз бе? (радио, теледидар, ата-аналар, әдеби оқу, математика, дүниетану, жаратылыстану сабактарында және т. б.). Бұрын сіздер дүниені ертегілерден білген едініздер, мысалы «Шалқан туралы ертегі»: сіз одан не үйрендіңіз? (білім алушылардың жауабы: ол барлық істі бірлесіп жасау керек, бір-біріне көмектесу керек). Әрбір ертегі бізге әр адам әртүрлі түсінетін өз ақпаратын берді. Адам көбірек мәліметтер алған сайын, ол қоршаған дүниені-айналамыздағы әлемді неғұрлым жарқын турде көреді. Енді сіздер әр түрлі пәндерді оқып-үйренесіздер, және әр сабакта сіздер қандайда бір жаңа нәрсені танып білесіздер. Сіздер жаңа білімдер аласыздар, күн сайын сіздер үшін көп құпиялар ашылады, өйткені, үнемі өз білімдерінізді толықтыра отырып, сіздер неғұрлым күрделі міндеттерді шешу мүмкіндігін аласыздар.

Осылайша, білім алушыларды, адам үшін ақпарат – бұл білім, ол оны әртүрлі дерек-көздерден алады деген қорытындыға келеміз. Содан кейін білім алушыларға таныс көптеген мысалдар арқылы бұл қорытындыны бекіту керек.

Бұдан әрі білім алушыларға ақпаратпен кез-келген жұмыс адамнан іздеуді, оны сақтауды, беруді және өндеуді талап ететінін жеткізу керек. Осы сұрақтарды түсіндіруді бәрінен дұрысы білім алушының өмірлік тәжірибесінен, бұрын алған білімі және практикан ала отырып, диалог түрінде немесе ойын түрінде өткізуге болады.

Балалар, қәне ойланайық, ақпаратты сақтау не үшін қажет? Мүмкін ақпаратты әр жолы қайтадан және қайтара алған жақсы шыгар? (білім алушылардың жауаптары: адам барлығын есте сақтауы мүмкін емес, сондықтан ақпаратты сақтау қажет, ақпаратты сақтау уақытты үнемдейді және бізді пайдасыз жұмыстан босатады, сақталған ақпаратты кез келген уақытта пайдалануға болады). Ақпаратты қалайша сақтауға болады? Күнделікті өмірде біз сақтау орнымен қай жерде кездесеміз? (білім алушылар жауаптары: біз кез келген кітапшаны ала алатын кітапханада, сондай-ақ видео кассеталарда, аудио кассеталарда, компакт дискілерде, фото-суреттер түрінде бізге қажетті ақпараттар бар).

Сонымен, ақпаратты жинақтауға болады, ал оны бір-біріне беруге бола ма?

Ақпаратты беруді ойындар ұйымдастыру арқылы көрсетуге болады. «Пантомима» ойыны – 2 адам қатысады, бірі жасырады, екіншісі – табады. Ақпаратты символмен, дыбыспен, тұрған тұрысы-кейпімен, мәтінмен, музыкамен, түспен, көзқараспен, бейнемен, қозғалыспен, жай-күйі түрінде беруге болады. «Соқыр – көретін» ойыны. Екі адамға: біреуі тақтада, басқасы терезе алдында тұрады, біреуі айтады, ал екіншісі өзіне айтқанды бейнелейді, мысалы – қар жауып тұр **, күн ☺, шөп. «Бұзылған телефон» ойыны - сынып 5 адамнан командаға бөлінеді. Команда капитаны сөз жасырады, басқа ойыншиға бұл сөзді айтпай түсіндіреді, одан әрі қарай тізбек бойынша жалғасады. Қалғандары бақылайды және түсінікті немесе жоқ деп сипаттайды, ақпарат хабарланады (беріледі) және оны тапсырудың қандай формасын таңдағанын айтады. Ойындар аяқталғанда қорытынды жасалады, яғни ақпаратты беру үшін көптеген формалар бар екені, бұл ретте қандай ақпарат түрін қалай беру ыңғайлы болатынына назар аудару керек.

Сонымен, ақпарат – бұл біздің көргеніміздің мазмұны, сонымен қатар, біздің ойларымыздың, әңгіме, кітаптардың мазмұны. Ақпаратпен алмасуға (жіберуге және алуға) және қажеттілерді, ол қажет емес болған сәтке дейін сактауға болады. Ескі ақпаратты өндеу арқылы да жаңа ақпарат алуға болады. Бұл ретте әлдекашан белгілі ақпаратты бөліп алуды және осы ақпаратпен байланысты табуды және жаңа ақпаратты алуды білу керек. Бұл процесс ақпаратты өндеу деп аталады.

Содан кейін білім алушыларды біздің айналамызда өте көп ақпараттың барлығына және адам сақтау командасын, ақпаратты беру және өндеуді онша дәл және тез емес орындаі алады және операцияларды орындау кезінде қателер жіберуі мүмкін екені туралы ойға жетелеу қажет. Сондықтан да ақпаратпен жұмыс үшін компьютер - ақпаратпен жұмысқа арналған аспаптық құрал. Тағы компьютерді құрайтын басқасы да бар – бұл аспаптық модельдеу құралы, ол кейінірек қаралады және зерттеледі. «Ақпарат» және

«Ақпараттық процестер» ұғымдарын мұғалім әртүрлі бөлімдерді зерделеу кезінде еске түсіруі керек.

Сонымен, 3-сыныпта, ұзак мерзімді жоспардың бірінші бөлімі «Компьютер және программа/бағдарлама» (ортак тақырыбы: «Тірі табиғат»). Бөлімнің бірінші тақырыбы - Компьютердің құрылғысы деп аталады.

Осы тақырыпты зерделеу үшін, ұзак мерзімді жоспарға сәйкес үш мақсат қойылады: 3.1.1.1 енгізу (тінтуір мен пернетакта) және шыгару құрылғыларын (монитор мен принтер) ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасының негізгі ережелерін сақтау.

Сабакты компьютермен қауіпсіз жұмыс дағдыларын қалыптастырудан бастау қажет. Оқулық материалдарына және компьютерлік салынтағы барлық сабактарында жеке кәсіби тәжірибесіне сүйене отырып, осы мақсатқа назар аудару керек. Мына диалогтан бастауға болады: Балалар, сіздердің әрқайсыныздың үйінде компьютер бар шығар. Айтыңыздаршы, ата-аналарыңыз сіздерге қандай кеңестер мен нұсқаулар береді, сізге қашан компьютерге жақындауга рұқсат береді? (білім алушылардың жауаптары). Ал неге ата-аналар сіздің сыртыныздан қарап тұрады, сізден компьютермен жұмыс кезінде абай болуды сұрайды? (білім алушылардың жауаптары).

Диалог қорытындысын шығару. Дұрыс, себебі компьютер мен оған қосылған барлық құрылғылар – бұл күрделі техника. Сонымен қатар, бұл электроприбор, ал сіз бірнеше рет электр құралдарымен жұмыс жасау ережелерімен кездесіп қаласыз. Біз бүгін сіздермен не туралы айтатын боламыз, бәлкім, сіздер түсінген шығарсыздар? Әрине дұрыс, компьютерлік салынтағы қауіпсіздік ережелері туралы.

Кәнеки, біздің досымыз компьютерді тыңдайықшы, ол білім алушылардың информатика сабакындағы дұрыс мінез-қылышы туралы аздал баяндайды. Компьютерде өлеңдер немесе тыйым салынатын суреттерімен слайдтар немесе қауіпсіздік ережелерін көрсететін жай ғана слайдтар көрсету керек. («Ұсынылатын оқу ресурстары үшін сабактарда қолдану» тармағындағы 1, 2 - сілтемелер).

Ереже - қағидаларды бекіту үшін «Реттеуші» ойынын ойнауға болады. Реттеушілер – бұл салынтағы білім алушылар, мұғалім есік жақта тұрады және сол немесе өзге кіргендер өзін қалай ұстайтынын айтып тұрады, ал реттеуші (білім алушылар) кіруге рұқсат етеді, немесе онын жаңынан өтуді сұрайды, және компьютер салынындағы қауіпсіздік тәртібі ережесін қайта оқуды айтады, (білім алушыларға жездардың макеттері таратылады, егер дұрыс жағдай аталса, балалар рұқсат беретін қимылмен, егер жоқ болса, тыйым салатын қимылмен орындаіды. Ойын түрекеліп тұрып орындалады және сергету сәтімен ауыстыру). Сипаттама төмендегідей жеткізілуі мүмкін:

1. Арман кабинетке мұғалімнің рұқсатынсыз кірді. (Жок)
2. Айлин үстел үстіне киімі мен сөмкесін қойды (Жок)
3. Аңсар салыпқа тыныш кірді және өз жұмыс орнына отырды (Иә)
4. Жадыра компьютерді мұғалімнің нұсқауынсыз қости (Жок)

5. Айман пернелерді, олардың үстінен ұрғыламай-ақ жұмсақ басады (Иә)

6. Нұрсұлу куат көзі сымдарын ұстайды және қозғайды (Жоқ)

7. Фалым дымқыл қолмен компьютерде жұмыс істейді (Жоқ)

Ойын шарттарының дұрыс орындалуын атап өту керек. Біз жиі сіздермен бұл ережелерді қайталайтын және жаңа нәрселерді білетін боламыз. Ал енді мен сізден естігім келеді, мектептің қандай бөлмелерінде, ғимараттарында арнайы тәртіп және қауіпсіздік техникасы ережесін сактау керек? (білім алушылардың жауаптары). Қауіпсіздік техникасы ережесін қорытындылау.

Бұдан әрі компьютермен танысуға көшеді. Мүмкін, білім алушыларды компьютердің пайда болуы тарихымен қысқаша таныстыра кетуге болады, мысалы, «ескі заманнан бері адамдар өз еңбегін женілдетуге тырысты. Осы мақсатта адамның дene мүмкіндіктерін күшеттетін әр түрлі машиналар мен механизмдер құрылды. Компьютер адамның интелектуалдық жұмысын, яғни ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндіктерін күшетту үшін XX ғасырдың ортасында ойлап табылған. Ғылым мен техника тарихынан белгілі, өзінің ойлап тапқандарының көптеген идеяларын адам табиғатта байқап таниды. Оны «Тірі табиғат» ортақ тақырыбымен байланыстырамыз.

Өлең оқу: Ал адам кімнен компьютерді көшіріп алды?

Кәне, қазір адам қалай ойлап табады еken, талқылайық.

Сонда барлығына түсінікті болады. ЭЕМ қалай құрылды.

Аспанда тікүшақ ұшады. Ол бізге нені еске салады?

Ол, әрине, ешкіге ұқсас емес. Ал секіргіш инелікке ұқсайды.

Ұшақ жерге қонады – ұлken болат кұс.

Ал, теңіздерде жүретін қайық, аздақ китке келеді.

Осылайша, табиғатты бақылай отырып, оның зандарын аша отырып,

Барлығын адам ойлап тапты, идеяларды табиғаттан алды.

Адам көру мүмкін емес нәрсені жасай алмайды.

Ол ойлап табуға болатынның бәрін істей алды.

Онда да табиғатқа білдірмей көз тастады.

Сөйтіп бізге қорытынды жасау қалды, ЭЕМ –ды ойлағанда,

Өзіне-өзі қарады.

Білім алушыларға түсіндіру керек, ЭЕМ – бұл электронды-есептеу машиналары, соның ішінде компьютер де.

Келесі мақсаттарға көшу үшін білім алушыларға өздеріне белгілі компьютер құрылғысын атауды сұрайды. Экранға үстел компьютері мен ноутбуктің бейнесін бейнелеуге болады. Көптеген білім алушылар бұны оңай жасайды, тіпті әрбір құрылғылардың қызметтерін сипаттай алады, мұғалімге білім алушылардың көріп-естігендерін қорыту және бекіту керек болады.

Сонымен, компьютер өзінің міндеті бойынша – ақпаратпен жұмыс жасайтын әмбебап техникалық құрал.

Компьютер құрылғы принциптері бойынша – бұл ақпаратпен жұмыс жасайтын адам моделі.

Компьютер – бұл сигналдарды өндеу үшін қызмет ететін электронды машиналардың бір түрі.

Компьютер құрылғыларын талқылау кезінде, оның жұмысын оркестрмен салыстыруға болады. Білім алушылар, сіздер барлықтарыңыз үлкен оркестрдің өнер көрсетуін көрдіңіздер және оның ойнағанын естідіңіздер. Онда түрлі аспаптар көп: скрипка, виолончель, үрмелі аспаптар және әрине, рояль де бар. Әрбір құрал өзінің музикалық партиясын ойнайды. Әрбір құралдың дыбысы бір музикалық шығармаға қосылады. Компьютер де оркестрге ұқсайды. Онда да әр түрлі құралдар көп, әркім өз ісін атқарады. Біз енді білеміз, мұндай төрт істің болуы мүмкін: қабылдау, өндеу, сақтау және ақпарат беру.

Егер компьютердегі әрбір іс үшін бір құрылғыдан болса, онда оған барлығы төрт құрылғы жетер еді. Бірақ, шын мәнінде, компьютер ақпараттың көптеген түрлерімен жұмыс істейді, әрбір түрді қолдана, сақтай, өндей және бере білу керек. Соңдықтан компьютердің құрылғыларды төрт емес, одан да көбірек болу керек.

Білім алушылардан олар көретін және қолымен ұстап көруі мүмкін, яғни, олар компьютер сыртында орналасқан, сыртқы құрылғылар деп атайдын компьютер құрылғысын атап беруді сұраймыз. Компьютердің ішінде орналасқан құрылғылар, ішкі деп аталады. Әр түрлі компьютерлерде әр түрлі сыртқы құрылғылар болуы мүмкін, бірақ әрбір компьютерде төрт түрлі құрылғылары бар. Компьютердің құрылымдары туралы айтылатын видеоны көрсетуге болады, (мысалы, «Ұсынылатын оқу ресурстары үшін сабактарда қолдану» тармақтағы З-сілтеме). Мұғалім білім алушыларға еске түсіретін, оның ішінен таңдал алатын және *компьютер құрылымының негізгі түрлерін атап алатын* бірнеше төрт жолды өлең шумағын оқуы беруі мүмкін.

Бірінші құрылғы:

Жоғарыда машиналар бүкіл

Орналастырылады ... (дисплей) –

Тура батыл капитан сияқты!

Ал онда экран жаңып тұрады.

Сонымен, дисплей (немесе оны монитор деп атайды) көбінесе теледидарға ұқсас, ол экранға мәтіндер, сандар, суреттер және фото, видео шығарады. Біз ойнаған кезде, мониторда кейіпкерді көреміз. Бұл құрылғы (**құрылғы ақпаратты шығару**) деп аталады. Сіздер ақпаратты шығаруға арналған тағы қандай құрылғыларды білесіз? (**білім алушылар ақпаратты шығару құрылғысы деп атайды**).

Мұғалім жалғастырады.

Бұл міне – ... (пернетақта)

– Міне қай жерде саусақтарды шынықтыруға болады,

Және гимнастика керек!

Саусақтар мұнда секіру керек!

Пернетақта. Онда әріптер, сандар мен басқа да белгілермен белгіленген көп пернелер бар. Пернетақта әріптерді, цифrlарды және тыныс белгілерді енгізу үшін қызмет етеді. Пернетақтада басқа бар пернелер арасында

көрсеткіш пернелері де бар, олар компьютерлік ойындарда кейіпкерлерді басқару үшін жиі пайдаланылады. Пернетақта көмегімен компьютерге мәтіндік ақпарат енгізуге болады, демек, пернетақта енгізу құрылғыларына жатады. Сіз ақпаратты енгізуге арналған қандай құрылғыларды білесіз? (білім алушылар ақпаратты енгізу құрылғысын атайды.)

Барлық құпияларды оң жақтағы «жәшік» сақтайды,
Аяқтың жанында, және бұл ретте аздап шуылдайды.
Бұл қандай «аң?» (Жүйелік блок)

Жүйелік блок компьютерлік жүйелердің негізгі блогы. Онда ішкі болып табылатын құрылғылар орналасады.

Бұдан әрі білім алушыларға енгізу-шығарудың басқа құрылғыларының суретін көрсетеу керек, және құрылғыларды екі санатқа: енгізу және шығару бөлу ұсынылсын. Олар әрбір құрылғы бойынша өз таңдаудың негіздесін.

Білім алушылар жұмысын түсіндіре алмаған және көптеген даулар тудырған құрылғылардың міндеттің ұғындыру керек. Бұл үшін кейіпкерлер құрылғыны қалай қолдануға болатынын айтатын видео фрагменттерін пайдалануға болады.

Білім алушыларға қазіргі заманғы компьютерлер құрылғыларының қадір-қасиетін бағалауға мүмкіндік беру керек. Сонында білім алушылардың ақпаратты енгізу-шығарудың қолда бар, ескірген және болашақ құрылғыларына қатысы бар идеяларын бағалау керек.

«3.1.2.1 - компьютерлік программалар қолданушиның міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру» мақсатын орындау үшін адам және компьютердің ұқсастығына қайта оралайық. Күнделікті өмірден ақпараттық міндеттер шешімі жайлы білім алушыларға таныс қандайда бір мысал келтіре кету қажет. Адамға не қажет екенін (бастапқы деректер) және бұл мәселені шешу үшін адам нені білуі тиіс болатын анықтау керек. Осында жағдайды компьютермен көрсетеу керек, компьютерге нені хабарлау (деректерді енгізу), және нәтиже алу үшін (шығару) компьютер не істеу керек (программасы болу керек). Қажет деген қорытындыға келіп, кез келген жұмыс, ол математикалық тапсырмаларды шешу болсын, мәтінді теру немесе аудару, экранда сурет немесе компьютерлік ойын алу болсын, компьютер бағдарламасы бойынша орындалады.

Бірінші бөлімінің Келесі тақырыбы: Файлдар және папкалар.

Оқу мақсаттары: 3.1.2.2 - компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.3 - файл және папкалар түсінігін түсіндіру; 3.2.4.2 - арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану.

Білім алушыларға, кез-келген компьютер жұмыс істейтін бас объект – бұл ақпарат екенін еске салу керек. Адам сияқты, компьютер де әр түрлі ақпаратты өндейді: мәтін, кесте, дыбыс, бейне т. б.

Білім алушылар файл және папка деген не екенін түсінуі үшін, келесі ұқсастықты өткізуге болады: кез келген оқу құралдарын алайық, білім алушы әр пәнді жеке дәптерге жазады – бұл, ақпараттың белгілі бір түрі сақталатын әрбір жеке файл. Пәндер бойынша оқулықтар, бұлар да ақпараттары бар

файлдар. Мәтіндік файлдар, графикалық файлдар, дыбыстық файлдар, видео файлдар, файл-программалар және т. б. файлдар бар.

Білім алушыға дәл бүгін қажетті оқулықтар мен дәптерлер портфельге салынады, яғни, білім алушы ақпаратты бүгін сабак кестесіне сәйкес реттейді. Осылайша, портфель білім алушы үшін папка бола алады. Файлдар сияқты, папкалардың өз атауы мен көлемі болады.

Сонымен, портфель – «Портфель» деп аталатын папка, онда оқулықтар, дәптерлер, күнделік бар – бұл файлдар әр түрлі көлемде. Математика бойынша дәптер – «математика пәні бойынша дәптер» деп аталатын файл, математика оқулығы – бұл да «математика оқулығы» аталатын файл, күнделік, «күнделік» аталатын файл. Балалар қалай ойлайсыздар, бұл файлдар бірдей өлшемге ие ме? (білім алушылардың жауаптар: иә, жок). Әрине жок, себебі, дәптерлер, оқулықтар мен күнделік әр түрлі ақпараттар санын қамтиды. Дәптер 12 беттік, оқулықтар әр түрлі беттер/парапттар санынан түрады, соңдықтан да файлдар көлемі әртүрлі.

Сонымен, компьютерде бар барлық ақпаратты файлдар деп атау қабылданған. Яғни, ән – бұл файл, фотосурет – ол да файл, құжат та және фильм де – ол файл.

Папкалар - бұл жәшіктер сияқты бір нәрсе немесе жоғарыда айтылғандай – файлдарға арналған портфель. Папка - бұл бізге бір нәрсе салуға болатын (музыка, сурет, құжат, бейнежазба, яғни файлдар) бос жәшік.



Мәселен, бізде компьютерде 10 фильм, 30 фотосурет және 160 құжаттар бар. Олардың барлығы бір папкаға салынған. Демек біз, компьютер тілінде файл деп аталатын 200 белгіге ие болып шығамыз. Оларды жеке жәшіктер, яғни, папкалар бойынша орналастыру ыңғайлы, соңдай-ақ түсінікті болу үшін оларға атау беру керек. Мәселен, фильмдер папкасын «Фильмдер», фотосуреттер папкасын «Фото», құжаттар папкасын «Құжаттар» деп қою керек. Нәтижесінде бізде тек 3 белгі болады. Олардың әрқайсысының ішінде белгілі бір ақпарат болады.

Бұдан кейін білім алушыларға папкаларды, файлдарды ашуға арналған командаларды пайдалану бойынша практикалық жұмысты орындауға арналған және екі-үш санатқа жататын аздаған файлдар мен папкалары бар «Сілтеуші» программасы терезесінің скриншотын ұсынуға болады.

Бірінші тараудың соңғы тақырыбы – Программалар терезесі.

Оқу мақсаттары: 3.1.1.1 - енгізу (тінтуір және пернетақта) және шығару (монитор және принтер) құрылғыларын ажырату; 3.1.2.1 - компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.4 - компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану;

Сабакты сұхбат және сұрақтар арқылы алдыңғы тақырыптарды оқыту барысында қарастырылғандарды, кәне балалар, кіру және шығу құрылғыларын тағы бір рет атап өтейік деп, 3.1.1.1 - «енгізу (тінтуір және пернетақта) және шығару (монитор және принтер) құрылғыларын ажырату» және 3.1.2.1 - «компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін

шешу үшін қажет екенін түсіндіру» мақсатын өзектендіруден бастау керек. Пайдаланушы міндеттерін орындау үшін қандай компьютерлік программалар жасалады? Қандай міндет? (білім алушылардың жауаптары). Білім алушыларда қындық тудыратын сұрақтар нақтылануы және түсіндірілуі керек.

Терезе – программалардың негізгі, ең маңызды элементтерінің бірі. Олардың құрметіне компьютердің ең басты программасы Windows аталды. Терезе – экранның тікбұрышты саласы (экзотикалық формадағы терезелер де кездеседі: дөңгелек және фигуранты, негізінен, бұлар сериялық кілттер мен мультимедиялық ойнатқыштардың генераторлары). Терезеде папкалар, дискілер, іске қосылған программалар, жасалған құжаттардың мазмұнын, сондай-ақ сұраныстар мен программалар хабарламалары жарыққа шығарады. Терезе ашық объektілерді басқаруға мүмкіндік береді.

Компьютерлік программаларда меню командасын пайдалануды Windows ОЖ-нің Бейнелеу папкасында бар фотосуреттердің көрсетілімінен (суреттерді «Жануарлар әлемі» сериясынан алу қажет – жануарлар, жәндіктер, гүлдер, ағаштар және т.б.) немесе компьютерде алдын-ала орналастырылған фотосуреттерді көрсетуден бастауға болады. Жұмысты топтарда ұйымдастыруға болады. Оларды жаңа атаудағы суреттерді қарау программасында суреттерді ашуды, ұлкейтуді, бұруды, сақтауды сұраңыз.

Бұл фотосуреттерді бір мезгілде түрлі терезелерде суреттер қарау программаларында ашу. Бір терезеден екіншісіне аудису үшін білім алушылардан көмек сұраңыз. Бір мезгілде барлық терезелерді көрсету үшін немесе біреуінен екіншісіне кезекпен өту үшін қандай әрекеттер жасау керектігін талқылау керек.

Бұл іс-әрекеттер туралы хабардар екендігін көрсеткен білім алушыларды тәжірибелік жұмыста консультант ретінде қою керек. Компьютердің қандай құрылғылары терезенің көлемін басқаруға мүмкіндік беретіні туралы әңгіме ұйымдастыруға болады. Інта білдіргендер терезелердің шашып тастануын басқару түймелерін және басқаларды терезе менюлар арқылы бейнелеу және көрсетуге болатын кейбір жолдарды көрсете алады.

«Терезе», «меню», «терезені басқару кнопкалары», «командалар» ұғымдарын талқылауды ұйымдастыру. Білім алушылар түсіндіре алмаған және көптеген келіспеушіліктер тудырған түсініктерді түсіндіру. Ол үшін кейіпкерлері осы тұжырымдамалар туралы айтатын видео немесе мультфильмдердің үзінділерін пайдалануға болады.

Ұзақ мерзімді жоспардың *екінши тарауы* – «Сөз артында сөз». Ортақ тақырып: «Жақсы деген не, жаман деген не? Жарық және қарандылық». Тараудың бірінші тақырыбы: Мәтінді териу және редакциялау.

Оқу мақсаттары: 1 - компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.2 - компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.2.1.1 - мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемдерді теруді жүзеге асыру.

Мәтіндік редактордың тақырыбы «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» курсы бойынша ерекше орын алады, өйткені оны пайдалана отырып білім алушылар, алғаш рет өз бетімен компьютердің көмегімен кішкентай нақты өнім – тестілік құжат жасайды. Бұл жағдай, әрине, білім алушылардың жұмысқа деген ынтасын арттырады.

Сабакты компьютер программалары пайдаланушылық тапсырмаларды орындау үшін жасалатынын еске салудан бастаған жөн. Соның нәтижесінде компьютер ақпараттың 4 түрін: мәтіндік, графикалық, сандық және аудио түрлерін өндей алады, бүгін программамен танысу басталады, ол сіздерді мәтіндік ақпаратты құруға, редакциялауға, ашуға, сактауға және өндеуге үйретеді, бұл бағдарлама мәтіндік редактор деп аталады.

Мәтіндік редакторда жұмыс істеудің алдында, бұрын мәтін басып шығарған білім алушылардың қолдарын көтеруді сұрауға болады. Олардан мәтінді теріп жазу кезінде қандай әрекеттерді орындағаны жайлы айтуды сұрау керек.

Мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Мәтіндік редактор неге арналғанын кім айта алады ?
2. Пернетақтаның қандай пернелері көмегімен ағылшыншадан орысшаға және көрісінше ауыстыруға болатынын кім біледі?
3. Мәтінді жаңа жолдан теруді бастауға көмектесетін қандай перне бар?
4. Егер қателессеніз, қандай перне дұрыс емес таңбаны жоюға көмектеседі?
5. Сөзді немесе мәтін бөлігін қалай бөліп алуға болады?
6. Бас әріптерді қалай басуға болады? Және т.б.

Бұдан кейін нақты практикалық тапсырма бойынша мәтін редакторымен жұмыс істеу керек. Бірінші тапсырма, мысалы, шағын өлеңді өлеңнің бір бөлігін тери керек:

Бөбек келіп әкеге,
Қойды алдына мәселе.
- Жақсы деген немене?
- Жаман деген немене?

Жұмыс үстелінде «Менің алғашқы мәтінім» деп аталатын файлды сактауды сұраңыз. Файлды сақтар алдында білім алушылардан кім мұны жасай алатынын сұрау керек, әрине, ондай балалар табылып қалар. Оларға құжатты сақтау біліктілігін көрсетуге мүмкіндік беру қажет.

Содан кейін жеке тапсырма таратуға болады - кез келген мәтінді теруді тапсырасыз. Осыдан кейін, терудің ереже жасау бойынша топтық жұмысты ұйымдастырыңыз. Талқылауды ұйымдастыру. Тақтада ережелер тармақтарын жазу.

Мысалы;

1. Қажет болған жерлерде үлкен әріптерді қолданыңыз.
2. Барлық тыныс белгілері, сызықшалардан басқа, сөздің соңғы әріпінен кейін бірден қойылады, кез келген тыныс белгілерінен кейін Бос орын пернесін басыңыз. Сызықшаны екі жағынан бос орын кеңістігін қалдырып көрсету керек.

3. Мәтін тери кезінде жіберілген қатені былайша түзету керек: дұрыс емес символды, курсордың оң жағында орналасқан Delete пернесімен жойыңыз, ал курсордың сол жағындағыны - Backspace пернесімен жойыңыз.

4. Компьютерге тери кезінде жолдың соңын бақылаудың керегі жоқ: оған қол жеткеннен кейін, курсор автоматты тұрдеде келесі жолдың басына жылжиды.

5. Жаңа абзацты енгізуге (немесе өлең жолына) өту үшін Enter пернесін басыңыз.

Бөлімнің екінші тақырыбы: Мәтінді форматтау

Оку мақсаттары: 3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын пайдалану; 3.2.1.1 мәтіндік редакторында қарапайым сөйлемдер теруді жүзеге асыру; 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою; 3.2.1.2 қаріпті пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету).

Білім алушылардан, олар мәтіндік редакторда неге үйренгенін еске алуды сұраңыз. Мәтінді тери (енгізу) кезінде қандай ережелерді сақтау қажет? Мәтінді өндеу, редакциялау кезеңінде оны қалай түрлендіруге болады?

Білім алушылар өздеріне белгілі барлық ережелерді атап береді, қателерді түзетуді, көшіруді, орын ауыстырып көшіруді, ізденістерді және фрагменттерді ауыстыруды еске алады, мәтін бойынша басқа жерге ауыстыру/қозғалту және оның үзінділерін бөлектеу тәсілдері жайлыштырғанда әңгімелейді.

Білім алушыларға тағы бір рет, қандай пернелер көмегімен таңбаны жоюға болатынын, бас әріпті қалай басуға болатынын көрсету керек.

Мәтіннің қайталанатын үзінділерімен тапсырма дайындау.

Білім алушылардан ойлануды және топтарда мәтіннің қайталанатын үзінді көшірмелерін мүмкіндігінше қалай тезірек жинауға болады, ол үшін не істеу қажеттігін талқылауды сұраңыз.

Білім алушыларға көшірудің не екендігі жайлыштырғанда қою.

Білім алушылардан мәтінді көшіру әрекеттерінің ретін атауды сұраңыз.

Білім алушыларға бұл мәтінді редакторда тери процесін қалай жылдамдатуға болатынын талқылауға уақыт беріңіз.

Білім алушылармен мәтінді көшірер алдында, қиу немесе жоюға дейін, оны бөліп алу қажеттігі туралы талқылайды. Сыныппен мәтінді таңдаудын, белгілеудің тәсілдерін талқылау керек.

Барлық білім алушылар созу түрінде мәтінді бөліп алуды, сондай-ақ олар басқа да әдістерді пайдалануға болатынын ұсынады.

